# Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

***Күшін жойған***

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 02 сәуірдегі N 68 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Райымбек ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 18 сәуірде N 2-15-118 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 20 наурыздағы № 44 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек аудандық әкімдігінің 20.03.2013 № 44 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабы 1-тармағының 8)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27-бабының 3-тармағына, 28-бабының 1-тармағына, 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 274 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы N 274 Жарлығын іске асыру туралы" N 326 Қаулысына сәйкес Райымбек ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Селолық, поселкелік округ әкімдеріне Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген селосы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 18 үй мекен-жайында орналасқан " Райымбек ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ

оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Селолық, поселкелік округ әкімдері 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды, олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін ұйымдастырсын.

5. "Райымбек аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Инкербаев Ерлан Кеңесбекұлына (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және жеткізуді өз құзіреті шегінде ұйымдастырып, шақырылушыларды жөнелту кезінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Байедилов Талғат Ескендірұлына жүктелсін.

7. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Қ. Медеуов*

КЕЛІСІЛДІ:

*"Аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы:* *Әбілғазиев Нұрдаулет Пазылжанұлы*

02 сәуір 2012 жыл

*"Аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы:* *Инкербаев Ерлан Кеңесбекұлы*

02 сәуір 2012 жыл

*"Райымбек аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері* *Тлемисов Бақыт Даукенұлы*

02 сәуір 2012 жыл

Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 02 сәуірдегі "Қазақстан

Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 68 қаулысына 1-қосымша

## Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

| | |
|---|---|
| Байедилов Талғат Ескендірұлы | Комиссия төрағасы, Райымбек ауданы әкімінің орынбасары |
| Әбілғазиев Нұрдаулет Пазылжанұлы | Комиссия төрағасының орынбасары, "Алматы облысы Райымбек ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығы |
| Комиссия мүшелері | |
| Зординов Рашид | "Алматы облысы Райымбек ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары |
| Досымбеков Бауыржан Сабырович | "Райымбек аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссияның төрағасы |
| Демежанова Алмана Аделхановна | Хатшы, "Райымбек аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны медбикесі |

Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 02 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 68 қаулысына 2-қосымша

## Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу
## КЕСТЕСІ

| N | Ауыл аймақ аттары | Сәуір | | | | | | Мамыр | | | | | Қазан | | | | Қараша | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 9 | 10 | 11 | 12 | 16 | 18 | 11 | 17 | 18 | 22 | 23 | 3 | 4 | 5 | 8 | 7 | 8 | 9 | 14 |
| 1 | Алгабас ауылдық округі | + | | | | | | + | | | | | + | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Болексаз ауылдық округі | | + | | | | | | + | | | | | + | | | | | | |
| 3 | Жылысай ауылдық округі | + | | | | | | | + | | | | | | + | | | | | |
| 4 | Жалаңаш ауылдық округі | | | | + | | | | | + | | | | | | + | | | | |
| 5 | Жамбыл ауылдық округі | + | | | | | | | | + | | | | | | | + | | | |
| 6 | Кеген ауылдық округі | | + | | | | | | | | + | | | | | | | + | | |
| 7 | Қақпақ ауылдық округі | | | | | + | | | | | + | | | | | | | | + | |
| 8 | Қайнар ауылдық округі | | + | | | | | | | | | + | | | | | | | | + |
| 9 | Қарасаз ауылдық округі | | | | | | + | | | | | + | | | | | | | | |
| 10 | Қарабұлақ ауылдық округі | | | + | | | | | + | | | | | | | | | | | |
| 11 | Қарқара ауылдық округі | | | | + | | | + | | | | | | | | | | | | |
| 12 | Нарынқол ауылдық округі | | | | | | + | + | | | | | | | | | | | | |
| 13 | Сарыжаз ауылдық округі | | | + | | | | + | | + | | | + | | | | | | | |
| 14 | Сумбе ауылдық округі | | | | | | + | | | | + | | | + | | | | | | |
| 15 | Саты ауылдық округі | | + | | | | | | | | | + | | | + | | | | | |
| 16 | Текес ауылдық округі | | | | + | | | | | + | | | | | | + | | | | |
| 17 | Тегістік ауылдық округі | | | + | | | | | | | + | | | | | | + | | | |
| 18 | Тасашы ауылдық округі | | | | | | + | | | | | + | | | | | | + | | |
| 19 | Ұзақ ауылдық округі | + | | | | | | | | | | + | | | | | | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 | Ұзынбұлақ ауылдық округі | | | | + | | | | | + | | | | | | | | | | + |
| 21 | Шырғанақ ауылдық округі | | | | | + | | | | + | | | | | | | | | | + |
| 22 | Шалкоде ауылдық округі | | + | | | | | | | | + | | + | | | | | | | |
| 23 | Туюк ауылдық округі | | | + | | | | | | | + | | | + | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК